

Ұлттық ғылыми кеңестер туралы ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 25 қыркүйектегі № 487 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 қыркүйекте № 33466 болып тіркелді.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Заңының 6-бабының 37) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 128) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

1. Ұлттық ғылыми кеңестер туралы ереже осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрі

С. Нурбек

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи
ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары
білім министрі
2023 жылғы 25 қыркүйектегі
№ 487 бұйрығына
1- қосымша

Ұлттық ғылыми кеңестердің тізбесі

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің
2023 жылғы 25 қыркүйектегі
№ 487 бұйрығына
қосымша

Ескерту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

Ұлттық ғылыми кеңестер туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ұлттық ғылыми кеңестер туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 37) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 128) тармақшасына сәйкес әзірленген және Ұлттық ғылыми кеңестер (бұдан әрі – кеңестер) қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

2. Кеңестер уәкілетті органның жанынан ғылым бағыттары бойынша құрылған алқалы органдар болып табылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

3. Кеңестердің жұмысын ұйымдастыратын және кеңестердің мүшелері туралы ақпаратты өз интернет-ресурсында орналастыратын Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы (бұдан әрі – сараптама орталығы) кеңестердің жұмыс органы болып табылады.

2-тарау. Кеңестердің құрамы

4. Кеңестердің құрамы 3 (үш) жыл мерзімге бекітіледі және мүшелерінің саны кемінде 9 (тоғыз) және 25 (жиырма бес) адамнан аспайтын тақ саннан құралады. Бір адам қатарынан 2 (екі) мерзімнен артық кеңес мүшесі бола алмайды.

Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы кеңес құрамының кемінде үштен екісінің тиісті деңгейде мемлекеттік құпияларды қамтитын мәліметтерге рұқсаты бар.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

5. Кеңестердің құрамын уәкілетті орган мемлекеттік органдардың, құзыретті қазақстандық және шетелдік ғалымдардың өкілдерінен, бұл ретте әрбір кеңес құрамының кемінде үштен бір бөлігін салалық уәкілетті органдардың ұсыныстары мен ұсынымдары бойынша мемлекеттік органдардың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық даму институттарының, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өкілдерінен, ғылыми ұйымдардың, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары мен ғылыми қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатарынан қалыптастырады және Заңның 22-бабының 3-тармағына сәйкес бекітіледі. Кеңес құрамын қалыптастыру үшін көрсетілген ұйымдар ғылым саласындағы уәкілетті органға кандидаттың осы Ереженің 6, 7, 8-тармақтарының талаптарына сәйкестігін растайтын мәліметтерді көрсете отырып,

кандидаттың еркін нысанда жазылған түйіндемесін ұсынады. Кандидаттың осы Ереженің талаптарына сәйкестігін растайтын мәліметтерді көрсете отырып, кеңестер құрамына кандидаттардың тізімдері ғылым саласындағы уәкілетті органның және сараптама орталығының интернет-ресурстарында жарияланады. Кеңес құру кезінде ғылым саласындағы уәкілетті орган Кеңес мүшелерінің кеңес бағытына жататын негізгі салаларды ұсынуын қамтамасыз етеді. Кеңес құрамына ұсынылған әрбір кандидаттың біліктілік саласы кеңестің бағытына сәйкес келеді.

Кеңес құрамын қалыптастыру үшін көрсетілген ұйымдар ғылым саласындағы уәкілетті органға кандидаттың осы Ереженің 6, 7, 8-тармақтарының талаптарына сәйкестігін растайтын мәліметтерді көрсете отырып, кандидаттың еркін нысанда жазылған түйіндемесін ұсынады.

Кеңестер құрамына кандидаттар тізімдері кандидаттың осы Ереженің талаптарына сәйкестігін растайтын мәліметтер көрсетіліп, ғылым саласындағы уәкілетті органның және сараптама орталығының интернет-ресурстарында жарияланады.

Ғылым саласындағы уәкілетті орган кеңесті қалыптастыру кезінде кеңес мүшелерінің кеңестің бағытына жататын негізгі салаларға өкілдік етуін қамтамасыз етеді.

Кеңестің құрамына ұсынылған әрбір кандидаттың біліктілік саласы кеңестің бағытына сәйкес келуге тиіс.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

6. Кеңестердің құрамына кеңес құрамы қалыптасқан күнге дейін 3 (үш) жыл бойы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілерінің қызметкерлері болып табылатын немесе болған немесе шетелдік ғылыми ұйымдарда немесе жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметпен айналысатын философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым докторы немесе кандидаты дәрежесі бар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, қазақстандық ғалымдар сайланады және олардың:

1) кеңес бағыты бойынша кемінде 10 (он) жыл ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі;

2) кандидатураны ұсынған күнге Web of Science және (немесе) Scopus халықаралық базаларына сәйкес кемінде 3 (үш) Хирш индексі;

3) Web of Science базасының 1 (бірінші), 2 (екінші) және 3 (үшінші) квартиліне кіретін және (немесе) Scopus базасындағы CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентілі бар басылымдарда соңғы 5 (бес) жыл ішінде кандидатура ұсынылған күнге дейін жарияланған кемінде 2 (екі) мақаласы және (немесе) шолуы болуы тиіс.

Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы қазақстандық ғалымдарға Хирш индексінің болуы туралы талап қолданылмайды. Осы Ереженің 6-тармағының 3)

тармақшасында белгіленген талаптың орнына әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы қазақстандық ғалымдарға қатысты кандидатура ұсынылған күнге соңғы 5 (бес) жыл ішінде Web of Science (Вэб оф Сайнс) және (немесе) Scopus (Скопус) халықаралық базаларында индекстелетін басылымдарда кемінде 3 (үш) жарияланымның болуы ескеріледі.

Хирш индексінің және Web of Science және (немесе) Scopus халықаралық базаларында индекстелетін басылымдарда мақалалардың болуы туралы талап тиісті кеңеске қосуға ұсынылатын ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы қазақстандық ғалымдарға қолданылмайды. Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы қазақстандық ғалымдарда соңғы 5 (бес) жылда рецензияланатын, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда кемінде 3 (үш) мақаласы және (немесе) шолулары болуы қажет.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

7. Қазақстандық ғалымдарды кеңестердің құрамдарына іріктеу осы Ереженің 6-тармағына сәйкес келетін кандидаттар арасынан ғылым саласындағы уәкілетті орган жасаған Web of Science және (немесе) Scopus халықаралық базаларына сәйкес соңғы 5 (бес) жылда жарияланған ғылыми еңбектерінен дәйексөздер алыну саны бойынша өзінен дәйексөз алу есепке алынбай сараланған тізімнің негізінде жүргізіледі.

Кеңестердің құрамдарына сараланған тізімге сәйкес неғұрлым көбірек дәйексөздер алынған ғалымдар іріктеледі. Қазақстандық ғалымдарда аталған екі халықаралық базаға сәйкес дәйексөздер болған жағдайда, сараланған тізімді жасауда дәйексөз алудың ең көп саны ескеріледі.

Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы қазақстандық ғалымдарды іріктеу кезінде кеңестердің құрамдарына сараланған тізімнің негізінде кандидатура кеңес құрамына ұсынылған күнге Web of Science және (немесе) Scopus халықаралық базаларында индекстелетін басылымдарда соңғы 5 (бес) жыл ішінде жарияланған мақалаларының және (немесе) шолуларының саны ең көп ғалымдар кіреді.

8. Әрбір кеңес құрамының 20 %-нан (жиырма пайыз) аспайтын бөлігі, бірақ кемінде бір мүшесі (ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бойынша кеңестерді қоспағанда) қазақ және (немесе) орыс тілдерін меңгерген және Web of Science және (немесе) Scopus халықаралық базаларына сәйкес кемінде 10 (он) Хирш индексі бар, ғылыми ұйымдар, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары, ғылыми қоғамдық бірлестіктер немесе дербес білім беру ұйымдары ұсынған шетелдік ғалымдар қатарынан қалыптастырылады.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым докторы немесе кандидаты дәрежесі бар Қазақстан Республикасындағы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілерінде және (немесе) дербес

білім беру ұйымында немесе шетелдік ғылыми-зерттеу ұйымдарында немесе жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметпен айналысатын шет мемлекеттердің азаматтары немесе азаматтығы жоқ адамдар шетелдік ғалымдар болып саналады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

9. Әрбір кеңестің 50 %-дан (елу пайыз) аспайтын құрамы кеңестің бағытына сәйкес (ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс кеңестерін қоспағанда) келетін салаларда кемінде 5 (бес) жыл жұмыс өтілі бар:

- 1) тиісті мемлекеттік органдар ұсынған мемлекеттік органдар;
- 2) тиісті ұйымдар ұсынған ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық даму институттары, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар;
- 3) "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ұсынған жеке кәсіпкерлік субъектілері және олардың бірлестіктері қызметкерлерінен қалыптастырылады.

"Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру" бағыты бойынша кеңес құрамының кемінде 50 %-ы (елу пайыз) кеңестің бағытына сәйкес келетін салаларда кемінде 5 (бес) жыл жұмыс өтілі бар:

- 1) тиісті ұйымдар ұсынған мемлекеттік органдарда, ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық даму институттарында, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда;
- 2) "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы ұсынған жеке кәсіпкерлік субъектілерінде және олардың бірлестіктерінде;
- 3) венчурлық бизнес өкілдерінен, маркетинггерден, тәуекел-менеджерлерден, ірі инвестициялық жобаларға қатысушылардан, халықаралық сертификаттары бар қаржылық сарапшылардан қалыптастырылады.

10. Кеңестің құрамына:

- 1) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілерінің басшылары мен олардың орынбасарлары;
- 2) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілерінің құрылтайшылары;
- 3) әрбір кеңес үшін аталған ұйым негізгі жұмыс орны болып табылатын бір ұйымнан бір қызметкерден артық қосылмайды.

11. Кеңестің жаңа құрамының бірінші отырысында осы Ереженің 31-тармағына сәйкес кворум болған жағдайда, кеңестің отырысына қатысушы мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен ашық түрде дауыс беру арқылы кеңестің төрағасы және кеңес төрағасының орынбасары сайланады.

Кеңестің төрағасы осы Ереженің 6 және 7-тармақтарына сәйкес кеңес мүшелері ұсынатын кеңестің құрамындағы қазақстандық ғалымдар болып табылатын кемінде 2 (екі) кандидатураның арасынан сайланады.

Кеңес төрағасының орынбасары кеңес мүшелерінің кеңес мүшелері ұсынатын кемінде 2 (екі) мүшесінің кандидатурасының арасынан сайланады.

Кеңестің төрағасы мен кеңес төрағасының орынбасары өкілеттігінің мерзімі олар сайланған күннен бастап 1 (бір) жылды құрайды. Бір жыл өткеннен кейін кеңестің төрағасы мен кеңес төрағасының орынбасары қайта сайланады. Жұмыс істеп жатқан кеңес төрағасы мен кеңес төрағасының орынбасары бір реттен артық емес рет сайланады.

Кеңес мүшелері отырыста осы Ереженің 12 - қосымшасына сәйкес Ұлттық ғылыми кеңестер мүшелерінің Әдеп кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) мәтінімен танысады. Танысу парағы сараптама орталығында сақталады.

12. Кеңестің төрағасы оның қызметін басқарады, жұмысын жоспарлайды және мемлекеттік органдармен, басқа да ұйымдармен және тұлғалармен кеңес қызметінің мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау кезінде кеңестің атынан өкілдік етеді.

13. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары атқарады.

14. Әрбір кеңес үшін сараптама орталығы өз қызметкерлерінің арасынан отырыстарды ұйымдастыруға және хаттамаларды ресімдеуге жауап беретін кеңестің хатшысын белгілейді. Кеңестің хатшысы кеңестің мүшесі болып табылмайды және шешімдер қабылдамайды.

15. Кеңестердің мүшелері ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыру конкурстарына жобаның (бағдарламаның) ғылыми жетекшісі немесе орындаушысы ретінде қатысады, бұл ретте өздері қатысатын немесе үлестес адамдар қатысатын жобалар (бағдарламалар) бойынша бағалау және дауыс беру рәсіміне қатыспайды.

Мыналар:

1) жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер;

2) кеңестің мүшесі еңбек қатынасында немесе ұйымдардан қаржылық немесе өзге де ресурстар алуды көздейтін басқа да қатынастарда тұрған және (немесе) кеңестің құрамына кандидат ретінде ұсынылған ұйымдардың қызметкерлері;

3) соңғы 3 (үш) жыл ішінде кеңестің мүшесімен бірге жариялаған мақалалардың және шолулардың тең авторлары;

4) кеңес мүшесінің жетекшілігімен диссертация қорғаған жобаның жетекшісі немесе орындаушылары немесе кеңес мүшесінің ғылыми жетекшісі (консультанты) кеңес мүшесінің үлестес тұлғалары болып табылады.

16. Мыналар кеңес құрамынан мүшелерді шығару үшін негіздемелер болып табылады:

1) кеңес мүшесінің кеңес құрамынан шығу ниеті туралы өтініші;

2) салалық уәкілетті органдардың, ғылыми ұйымдардың, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының және ғылыми қоғамдық бірлестіктердің кеңес құрамына ұсынылған мүшелерді кері шақырып алуы;

3) кеңес мүшесінің бір жыл ішінде кеңестің 3 (үш) және одан да көп отырысына дәлелсіз себеппен қатыспауы. Кеңес отырысын өткізіп алу себебін дәлелді деп тану мәселесін (уақытша еңбекке жарамсыз, демалыста болуы, іссапарда болуы) ғылым саласындағы уәкілетті орган әрбір жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, жеке қарайды;

4) кеңес мүшесінің сараптама объектілері туралы ақпаратты жария етуі және (немесе) оны өз мүддесіне пайдалануы;

5) кеңес мүшелерінің іс-әрекеттерінде ғылыми этиканы бұзу фактілерінің (плагиат, бұрмалау, жалған деректерді қосу, жалған тең авторлық, өтінімдерден бөтен нәтижелерді иемдену, сараптама объектілерін толығымен немесе ішінара қайталау) болуы;

6) кеңес мүшелерінің Кодекс негізінде уәкілетті органның ұсынуы бойынша ұлттық ғылыми кеңес мүшелерінің Әдеп кодексін бұзуы;

7) осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген мән-жайлардың туындауы, сондай-ақ тиісті мән-жайлардың туындауы туралы сараптама орталығын хабардар етудің белгіленген мерзімінің бұзылуы;

8) осы Ереженің 17, 18 және 19-тармақтарында көзделген талаптардың бұзылуы.

Кеңес мүшесі осы Ереженің бірінші бөлігінің 3), 4), 5), 6), 8) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша кеңес құрамынан шығарылған жағдайда оның кандидатурасы жаңадан қалыптастырылатын келесі кеңестің құрамына енгізілуі үшін қайтадан ұсыныла алмайды.

Осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген мән-жайлар туындаған кезде, кеңес мүшесі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, сараптама орталығына жазбаша хабарлама жібереді.

Осы Ереженің 16-тармағының 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген , оның ішінде уәкілетті органның және салалық уәкілетті органдардың өтініштері бойынша мән-жайлардың туындауын мониторингтеуді сараптама орталығы жүзеге асырады.

Сараптама орталығы тиісті мән-жайлар белгіленген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, ғылым саласындағы уәкілетті органға жазбаша хабарлама жібереді.

Ғылым саласындағы уәкілетті орган сараптама орталығынан жазбаша хабарлама алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей, өзіне қатысты тиісті мән-жайлар анықталған кеңес мүшесінің кеңес отырыстарына қатысуына тыйым салу туралы бұйрық шығарады және оны осы Ережеде белгіленген тәртіпке сәйкес ауыстырады, шығарылатын кеңес мүшесінің және оның кандидатурасына ұсыным берген ұйымның біліктілік саласын ескере отырып, оны белгіленген тәртіппен осы Ереженің талаптарына сәйкес келетін кандидатқа ауыстыруды жүргізеді.

Осы Ереженің 31-тармағын сақтау кеңестің құрамына өзгерістер енгізілгенге дейін бұйрыққа сәйкес отырыстарға қатысуға тыйым салынған кеңес мүшелерін есепке алмай жүргізіледі.

17. Кеңес мүшелері нақты мәселелерді қарау кезінде өздеріне белгілі мүдделер қақтығысы туралы кеңеске хабарлайды және кеңес қабылдаған шешімдердің объективтілігі мен негізділігі үшін жауап береді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

18. Кеңестердің мүшелері:

- 1) қабылданған шешімге қатысты дәлелді негіздемені ұсынады;
- 2) өздеріне толық және дәйекті ақпарат беруді талап етеді, өз құзыретіне жататын мәселелерді шешуге қатысты деректерді жасыруға және бұрмалауға жол бермейді;
- 3) осы Ережеге 12-қосымша болып табылатын Ұлттық ғылыми кеңестер мүшелерінің әдеп кодексінің талаптары мен ережелерін сақтайды;
- 4) қызметті жүзеге асыру кезінде ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне, оның ішінде өздеріне белгілі болған фактілер туралы сараптама орталығын хабардар ету арқылы ден қояды;
- 5) мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 6) қызмет процесінде кеңестің басқа мүшелерінің, өтінім берушілердің, сарапшылардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін дәрекі, ғайбат сөздерді, айыптауларды қолданбайды;
- 7) басқа тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын бұзуға алып келетін немесе басқа адамдардың ғылыми-зерттеу қызметіне зиян келтіретін өзге де әрекеттер (әрекетсіздік) жасамайды;
- 8) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды қарау кезінде мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі заңнаманың талаптарын қамтамасыз етеді;

9) осы Ереженің негізінде өздерін кеңестердің құрамына қосуға негіз болған объективті мәліметтерді бермегені немесе анық емес мәліметтерді ұсынғаны үшін заңнамада белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады;

10) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қатаң сақтайды және кеңестердің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың белгілері бар фактілер туралы сараптама орталығын хабардар етеді.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

19. Кеңес мүшелері мынадай:

1) объектінің мақұлдануы немесе қабылданбауы нәтижесіне жеке немесе қаржылық жағынан мүдделі болған;

2) соңғы үш жылда бірлескен авторлықты қоса алғанда, жоба авторымен бірлескен жарияланымдары болған, өтінім дайындауға тікелей қатысқан, зерттеулердің нәтижелері және осы нәтижелерді қолдану бойынша бірлескен жарияланымдарды жоспарлаған;

3) соңғы үш жыл ішінде ғылыми жоба және (немесе) бағдарлама орындаушысына тікелей жетекшілік еткен, оның қарамағында болған немесе оған консультациялық қызметтер көрсеткен;

4) осы Ереженің 15-тармағына сәйкес үлестес болған жағдайларда, нақты ғылыми жобаны және (немесе) бағдарламаны қараудан және шешім қабылдаудан бас тартады және отырыс залынан шығады, не кеңес мүшесі отырысқа нақты уақыт режимінде қатысқан кезде, желіден өшіріледі.

3-тарау. Кеңестердің міндеттері және функциялары

20. Кеңестердің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (бұдан әрі – ЖҒТК) айқындаған басымдықтарға сәйкес мамандандырылған ғылыми бағыттарды қалыптастыру;

2) ғылыми зерттеулер жүргізу үшін бөлінетін қаржыландыру нысандары мен көлемдерін айқындау;

3) мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың қорытындыларын ескере отырып, ұсынылып отырған ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын, ғылыми-техникалық деңгейін, перспективалылығын, әзірлену дәрежесін, технологиясының әзірлік деңгейін, олардың арнаулы бағыттарға немесе техникалық тапсырмаларға сәйкестігін, сұралатын қаржыландыру көлемінің экономикалық тұрғыдан негізділігін бағалау;

4) Қазақстан Республикасының жаңа ғылыми бағыттардағы қажеттіліктерін бағалау

;

5) сараптама орталығының интернет-ресурсында тікелей талқылау арқылы бюджет қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын конкурстық іріктеуді жүзеге асыру;

6) мемлекеттік ғылыми ұйымдар мен мемлекет жүз пайыз қатысатын ғылыми ұйымдардың іргелі ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға арналған өтінімдерін қарау;

7) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру шеңберінде конкурстық өтінімдерді іріктеуге қатысу;

8) сараптама орталығы ұсынатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы қысқаша мәліметтерді, аралық және қорытынды есептерді, сондай-ақ ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының іске асырылуын мониторингтеу қорытындыларын қарау, осындай есептер мен мониторингтеу қорытындыларын қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдау;

9) іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың тізбесіне енгізілген мемлекеттік ғылыми ұйымдар мен мемлекет жүз пайыз қатысатын ғылыми ұйымдардың жыл сайынғы есептерін, көрсетілген ғылыми зерттеулердің іске асырылуын мониторингтеу қорытындыларын қарау, сондай-ақ осындай есептер мен мониторингтеу қорытындыларын қарау нәтижелері бойынша шешім қабылдау;

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

21. Кеңестердің негізгі функциялары:

1) бағыттың атауын, бағытты таңдаудың негіздемесін, таңдалған бағытты іске асыру көлемін, экономикалық және әлеуметтік әсерлерін қамтитын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет пен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру көлемін айқындау жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

2) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру көлемін айқындау және ғылым саласындағы уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті органдар бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға ұсынған нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағыттың даму стратегиясын және (немесе) бағдарламасын, стратегиялық міндеттерді шешу үшін ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізу тақырыптарын, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың түпкілікті нәтижесін, стратегиялық міндетті іске асыру үшін ресурстарды, экономикалық және әлеуметтік әсерлер болжамын қамтитын ЖҒТК-ге ұсынымдар әзірлеу;

3) ғылым саласындағы уәкілетті органның немесе салалық уәкілетті органдардың гранттық қаржыландыруға ұсынған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобалары бойынша ЖҒТК-ге ұсынымдар әзірлеу;

4) жобаларды гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру (қаржыландыруды тоқтату), оның ішінде сараптама орталығы ұсынатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының іске асырылу барысын және нәтижелілігін мониторингтеу қорытындылары бойынша шешім қабылдау;

5) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы аралық және қорытынды есептерді қабылдау;

6) уәкілетті орган бекіткен іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың тізбесіне енгізілген ғылыми ұйымдардың жобалары бойынша жыл сайынғы есептерді қабылдау;

7) ғылым саласындағы уәкілетті орган бекітетін ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының іргелі ғылыми зерттеулерін жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың уәкілетті орган бекіткен тізбесіне енгізілген ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың, ғылыми ұйымдар жобаларының іске асырылуы мен нәтижелілігін мониторингтеу туралы ережеге сәйкес сараптама орталығы ұсынатын іске асырылу мен нәтижелілікті мониторингтеу қорытындыларын қарау нәтижелері жөніндегі шешімдерді қарау және қабылдау;

8) заңды тұлға таратылған/қайта ұйымдастырылған немесе дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған, ғылыми жетекші жаңа жұмыс орнына ауысқан кезде және заңнамада белгіленген басқа да жағдайларда жобаны немесе бағдарламаны ғылыми жетекшісінен және жобаны немесе бағдарламаны қабылдайтын субъектіден беруді келісудің ресми хаттарын қоса бере отырып, жобаны немесе бағдарламаны беретін субъектінің дәлелді өтініші негізінде жобаны немесе бағдарламаны басқа орындаушыға беру туралы шешім қабылдау;

9) гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, уәкілетті орган бекіткен іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың тізбесіне енгізілген ғылыми ұйымдардың жобалары бойынша ғылыми жетекшіні ауыстыру, ғылым саласындағы уәкілетті органның немесе салалық уәкілетті органдардың өтініші негізінде өтінімде көрсетілген мақсаттарды, міндеттерді, іс-шараларды, күтілетін түпкілікті нәтижелерді өзгертпей, орындаушы ұйымның дәлелді өтінішін қоса бере отырып, жиынтық есеп-қисапқа, жобалар немесе бағдарламалар бойынша күнтізбелік жоспарға өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдау;

10) грант алушыны, жекеше әріптесті, жобалар жетекшісін ауыстыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобалары бойынша жасалған шарттардың жиынтық есебіне, күнтізбелік жоспарына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдау, сондай-ақ орындаушы ұйымның дәлелді өтінішін қоса бере отырып, ғылым саласындағы уәкілетті органның немесе салалық уәкілетті органдардың өтініші негізінде жобаны іске асыру мерзімін және (немесе) грант сомасын өзгерту;

11) апелляциялық комиссияның шешімдерін орындау;

12) растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жобаны немесе бағдарламаны мерзімінен бұрын аяқтау/тоқтату туралы шешім қабылдау;

13) ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізген және олардың нәтижелерін Қазақстан Республикасының аумағында енгізуді растауды алуға уәкілетті органға өтінім берген тұлғаларға ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар бойынша салықтық жеңілдіктер мен салық шегерімдерін беру жөніндегі материалдарды қарау;

14) ғылыми-зерттеу жұмыстарын, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыру (сатып алу) туралы техникалық тапсырма (шарт) және есеп, кәсіпкерлік субъектілерінің қаражаты есебінен ғылыми орталықтар үшін сатып алынған жабдықты пайдалануға беру актісі бар техникалық тапсырма (шарт) және есеп бойынша шешім қабылдау.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

22. Кеңестер өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) өз қызметін Қазақстан Республикасының салалық уәкілетті органдарымен, ғылыми ұйымдарымен және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен және өзге де тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады;

2) мемлекеттік органдардан өз қызметін жүзеге асыру үшін ақпараттық-талдамалық және анықтамалық деректер алады;

3) ғылым саласындағы уәкілетті органға, салалық уәкілетті органдарға, ұлттық және салалық ғылым академияларына кадрлар даярлауды, қаржылық қамтамасыз етуді және ғылымның материалдық-техникалық базасын дамытуды қоса алғанда, ғылыми-техникалық даму жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді өзгерту және жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге және белгіленген тәртіппен енгізеді;

5) қосымша түсініктемелер беру үшін ғылыми, ғылыми-техникалық жобалардың немесе бағдарламалардың, уәкілетті орган бекіткен іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге

асыратын ғылыми ұйымдардың тізбесіне енгізілген ғылыми ұйымдар жобаларының, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының ғылыми жетекшілері мен орындаушыларын отырыстарға шақырады;

б) заңды тұлға таратылған/қайта ұйымдастырылған немесе дара кәсіпкердің қызметі тоқтатылған, сондай-ақ жобаның ғылыми жетекшісі жаңа жұмыс орнына ауысқан жағдайда, гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған шарт бойынша жұмыстарды орындаушыны ауыстырады (жобаның немесе бағдарламаның ғылыми жетекшісінің және орындаушы ұйым басшысының ғылым саласындағы уәкілетті органға немесе салалық уәкілетті органға өтінішхаты болған кезде) рұқсат береді;

7) ғылыми жетекшінің жұмыс орны өзгерген кезде, гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған шарт бойынша ғылыми жетекші ретінде оның жұмысын жалғастыруға (ғылыми жетекшінің және орындаушы ұйым басшысының ғылым саласындағы уәкілетті органға немесе салалық уәкілетті органға өтінішхаты болған кезде) рұқсат береді;

8) ғылым саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша кеңеске ұсынылған материалдарды жан-жақты, толық және объективті қарауды қамтамасыз ету мақсатында консультациялар мен түсініктемелер алу үшін нақты ғылым саласы бойынша сарапшылар мен мамандарды тарта отырып, мамандандырылған секцияларды құрады;

9) гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша, сондай-ақ гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жөніндегі өтінімде, сондай-ақ іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың іргелі ғылыми зерттеулерін қаржыландыруға арналған өтінімде көрсетілген мақсаттарды, міндеттерді, іс-шараларды, күтілетін түпкілікті нәтижелерді өзгертпей, гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың тізбесіне енгізілген ғылыми ұйымдардың жобалары бойынша күнтізбелік жұмыс жоспарын және жиынтық күнтізбелік жұмыс жоспарын және жиынтық есеп-қисапты түзетуге рұқсат береді (жобаларды және (немесе) бағдарламаларды орындаушының негіздемесі мен өтінішхаты болған кезде жиынтық есеп-қисапты жалпы сомасын өзгертпей, қаржыландыру көлемін қысқарту, сондай-ақ шығыстар баптары арасында үнемдеудің пайда болу жағдайлары түзету үшін негіз болып табылады);

10) егер объектіні бағалау процесінде кеңес мүшелерінің ең көп саны өтінімде көрсетілген сомадан жиырма бес және одан көп пайызға төмен қаржыландыру көлемін көрсеткен болса, жобаны немесе бағдарламаны қаржыландырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды;

11) егер Кеңес сараптама объектісінің сараптама объектісі берілетін кеңес тарапынан келісім болған кезде сараптама объектісінің кеңестің бағытына сәйкестігі туралы шешім қабылдаса, сараптама объектілерін басқа кеңестердің қарауына береді. Бұл ретте кеңестер сараптамадан өткен объектілерді қараудан алып тастай алмайды.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

23. Іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың ғылыми жаңалығын, ғылыми-техникалық деңгейін және ұсынылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың, сондай-ақ іргелі ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға арналған өтінімдерінің перспективалылығын бағалауды кеңестер Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық даму басымдықтарына сәйкестігін ескере отырып, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың (бұдан әрі – МФТС) қорытындысы негізінде жүргізеді.

24. Осы Ереженің 39, 40, 41-тармақтарына сәйкес сұратылып отырған қаржыландыру көлемінің негізділігін бағалауды МФТС қорытындысы негізінде кеңестер жүргізеді.

4-тарау. Кеңестер қызметін ұйымдастыру

25. Кеңестер қызметінің негізгі нысаны олар қабылдайтын шешімдердің жариялылығы мен объективтілігін қамтамасыз ететін кеңестің ашық отырысы болып табылады.

26. Кеңестердің отырыстары кеңес мүшелерінің тікелей қатысуымен немесе қашықтық режимінде өткізіледі. Отырыстарды қашықтық режимінде өткізу кезінде кеңес мүшелерімен үздіксіз бейнеконференцбайланыс қамтамасыз етіледі.

Отырысқа жеке қатысу мүмкін болмағанда кезде кеңес мүшесі кеңес хатшысына хаттаманы ресімдеу үшін қойылған балдары бар бағалау парағын ұсына отырып, кеңес отырысына интернет-ресурстарды пайдалану арқылы нақты уақыт режимінде қатысады.

27. Кеңестердің отырыстары кеңестердің жұмыс жоспары мен отырыстарының кестесіне сәйкес, бірақ жылына кемінде 2 (екі) рет өткізіледі.

28. Кеңестер жыл сайын бірінші отырыста кеңестердің жылдық жұмыс жоспарын және отырыстарының кестесін ғылым саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бекітеді.

Кеңестердің жылдық жұмыс жоспарына және отырыстарының кестесіне өзгерістер ғылым саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша, бірақ жылына 2 (екі) реттен асырмай енгізіледі.

29. Кеңестер отырысының күн тәртібін сараптама орталығы қалыптастырады және күн тәртібіндегі мәселелерге қатысты материалдармен бірге отырыстың басталуына

дейін 3 (үш) жұмыс күнінен, егер шұғыл болса 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді, мәселелер отырыс күні келіп түскенде – күн тәртібіне енгізіледі не ашық дауыс беру арқылы отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен келесі отырысқа ауыстырылады.

Кеңес өткізілетін күн мен уақытты көрсете отырып (онлайн және /немесе офлайн), кеңес отырысын шақыру кеңес төрағасының немесе төраға орынбасарының ресми хаты негізінде жүзеге асырылады. Сараптама орталығы кворумды қамтамасыз етуді және оның әрбір мүшесіне электрондық поштамен ресми жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұйымдастырады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

30. Барлық қаралатын мәселелер бойынша кеңестер отырыстары күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде өткізіледі.

31. Егер отырыста кеңес төрағасын және (немесе) кеңес төрағасының орынбасарын қоса алғанда, оның ішінде отырысқа интернет-ресурстарды пайдалану арқылы нақты уақыт режимінде қатысқан кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде 50 (елу) пайызы қатысқан болса, өздеріне қатысты уәкілетті орган отырыстарға қатысуға тыйым салған мүшелерді қоспағанда, кеңес отырысы заңды болып табылады.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын мәселелер қаралған кезде, егер отырыста тиісті деңгейде мемлекеттік құпияларға рұқсаты бар кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде 50 (елу) пайызы қатысқан болса, кеңес отырысы заңды болып табылады. Бұл жағдайда кеңестер отырыстары кеңес мүшелерінің тікелей қатысуымен өткізіледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

32. Қажет болған жағдайларда, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша толық мәліметтер болмаған кезде кеңестер сараптама орталығынан қосымша түсініктемелер, негіздемелер мен ақпарат сұратады. Сараптама орталығы жауапты 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жібереді.

Гранттық қаржыландыру және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларын конкурстық іріктеу жөніндегі кеңестердің отырыстарына сараптама орталығы әрбір өтінім бойынша электронды түрде мынадай материалдар дайындайды:

- 1) аннотация;
 - 2) МҒТС қорытындысы (қойылған балдарды көрсетпей);
 - 3) сұрау салынған соманың негізділігін бағалау жөніндегі сарапшының қорытындысы;
 - 4) өтінімнің тақырыбын немесе мазмұнын қайталауды тексеру жөніндегі мәліметтер
- ;

5) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде қаржыландыру үшін бұрын мақұлданған және/немесе аяқталған гранттық қаржыландыру жобаларының немесе бағдарламаларының уәкілетті орган бекіткен іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың тізбесіне енгізілген, мақұлдау кезеңінде басшысы қаралатын өтінімнің ғылыми жетекшісі болған ғылыми ұйымдар жобаларының тізімі.

Ескерту. 32-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

33. Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды конкурстық іріктеу, сондай-ақ іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың іргелі ғылыми зерттеулерін қаржыландыруға өтінімдерді іріктеу жөніндегі кеңестердің отырыстарындағы мәселелер Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 6 қарашадағы № 563 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33613 болып тіркелген) бекітілген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру гранттық қаржыландыру, іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру қағидаларында және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 7 қарашада № 517 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35344 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларында белгіленген тәртіппен қаралады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

34. Кеңестер отырыстарының хаттамалары отырысты өткізу аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ресімделеді және оған кеңестердің отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қояды және ол мыналарды қамтуға тиіс:

- 1) кеңестердің толық атауы және құрамы;
- 2) отырысты өткізуді басталған және аяқталған күндері;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша барлық талқылаулар;
- 6) дауыс беруге қойылған мәселелер және кеңестер отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижелері көрсете отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;

7) қабылданған шешімдер және осы Ереженің 41-тармағына сәйкес қорытынды мен сараптама объектілерінің сараланған тізімі және осы Ереженің 42-тармағына сәйкес сараптама объектілерін қаржыландыру көлемі туралы шешіммен қоса олардың негіздемелері;

8) кеңестер шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

Дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша кеңестер мүшелерінің ерекше пікірі болған кезде кеңестердің хатшылары хаттамаға тиісті жазба енгізеді.

35. Кеңестердің отырыстары ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы кеңесті қоспағанда, сараптама орталығының интернет-ресурсында онлайн-трансляциялау арқылы өтеді және бейнежазба жасауға жатады. Кеңес отырысының бейнежазбасы 2 (екі) данада сақталады, оның біріншісі кеңес отырысы аяқталғаннан кейін ғылым саласындағы уәкілетті органға, ал екіншісі – сараптама орталығына беріледі. Кеңестер отырыстарының хаттамалары, бейнежазбалары сараптама орталығында сақталады.

36. Кеңестердің мүшелері кеңестердің жылдық жұмыс жоспары және жұмыс кестесі туралы ақпарат сараптама орталығының интернет-ресурстарында орналастырылады.

37. Жылдық жұмыстың нәтижелері бойынша кеңестер онлайн-конференция өткізеді, онда кеңестің жұмысы, қаржыландырылатын жобалар мен бағдарламалардың нәтижелілігі туралы ақпарат береді, сондай-ақ сараптама орталығының интернет-ресурсында жарияланатын қызметі туралы таныстырылымды қоса бере отырып, еркін нысандағы жазбаша есепті ұсынады.

5-тарау. Кеңестердің шешімдері

38. Ұлттық ғылыми кеңестер ашық дауыс беру арқылы ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын уәкілетті орган айқындаған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды қаржыландыратын заңды тұлғалардың немесе тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет шеңберіндегі бюджет қаражаты есебінен гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (қаржыландыруды тоқтату), іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру (қаржыландыруды тоқтату) туралы шешімдер қабылдайды.

1) ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстардың бағдарламаларын;

2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар бөлігінде басқа да бағдарламаларды;

3) Қазақстан Республикасының ғылыми мекемелерінің, ұйымдары мен кәсіпорындарының қатысуымен іске асырылатын мемлекетаралық ғылыми-техникалық бағдарламалардың жобаларын;

4) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын;

5) іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың іргелі ғылыми зерттеулері жөніндегі жобаларды тиісті қаржы жылына арналып бекітілген бюджет шеңберінде мемлекеттік бюджет есебінен "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының 27-1-бабына сәйкес ғылыми ұйымдар жүзеге асыратын гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (қаржыландыруды тоқтату), іргелі ғылыми зерттеулерді қаржыландыру (қаржыландыруды тоқтату) туралы шешімдер қабылдайды.

Ескерту. 38-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

39. Осы Ереженің 38-тармағының 1), 2), 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген объектілер (бұдан әрі – объектілер) бойынша кеңестер шешімдерін кеңестер мүшелері сұрау салынатын қаржыландыру көлемінің негізділігін бағалауды қамтитын МҒТС қорытындысының негізінде:

1) ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруға берілетін жобалар үшін осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес;

2) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға берілетін бағдарламалар үшін осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес;

3) осы Ережеге 3 – қосымшаға сәйкес-мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге арналған конкурстық рәсімдерден тыс бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі бағдарламалар үшін;

4) осы Ережеге 4–қосымшаға сәйкес нысан бойынша-іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың іргелі ғылыми зерттеулерін қаржыландыруға өтінімдер үшін.

Кеңестер мүшелері қойған балдардың негізінде кеңестің қорытынды пікірін көрсететін әрбір өлшемшарт бойынша орташа балдар қосындысының нәтижесі ретінде әрбір өлшемшарт бойынша орташа балл және әрбір өтінім бойынша кеңестің жалпы балы айқындалады.

Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы ғылымның басым бағыты бойынша кеңестің 8-ден (сегіз) кем жалпы балын жинаған өтінімдер әрі қарай қаралмайды.

Әрбір өтінім бойынша кеңестің қорытындысы:

1) ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыруға берілетін жобалар үшін осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес;

2) бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға берілетін бағдарламалар үшін осы Ережеге 6-қосымшаға сәйкес;

3) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге конкурстан тыс рәсімдер арқылы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі бағдарламалар үшін осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес;

4) іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың іргелі ғылыми зерттеулерін қаржыландыруға арналған өтінімдер үшін осы Ережеге 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Гранттық қаржыландыруға өтінім бойынша кеңестің қорытындысы кеңес төрағасы қол қойғаннан кейін 24 (жиырма төрт) сағат ішінде объектінің ғылыми жетекшісінің жеке кабинетінде сараптама орталығының ақпараттық жүйесінде орналастырылады.

Ескерту. 39-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

40. Әрбір объект бойынша кеңестің шешімі МФТС нәтижелері бойынша бағалау балын және кеңестің қорытындысына сәйкес жалпы балды қосу арқылы алынған қорытынды балл негізінде қабылданады. МФТС нәтижесінде белгіленген қаржыландыру сомасы нұсқаларының бірі, егер бағалау процесінде оны кеңес отырысына қатысушы кеңес мүшелерінің көпшілігі көрсетсе, тиісті негіздемесі бар объектіні қаржыландыру көлемі ретінде айқындалады.

Егер қаржыландырудың екі түрлі көлемі кеңес мүшелері көпшілігінің бірдей дауыс санын алса, онда объектіні қаржыландыру көлемі ретінде олардың азы айқындалады. Егер объектіні бағалау процесінде кеңес мүшелерінің көпшілігі сұралғаннан 25 %-ға (жиырма бес) төмен соманы көрсетсе, онда кеңес іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың іргелі ғылыми зерттеулерін қаржыландыруға арналған өтінімдерді қоспағанда, объектіні қабылдамау туралы шешім қабылдайды.

Іске асыру мерзімі 12 (он екі) айдан аспайтын жобалар бойынша өтінімдер үшін объектіні қаржыландыру көлемі ретінде МФТС нәтижесінде белгіленген сома айқындалады.

Апелляциялық комиссияның жұмысы аяқталып, кеңес оның барлық шешімдерін орындағаннан кейін объектілер қорытынды балдың үлкен мәнінен кішісіне кему тәртібімен объектілерді орналастыра отырып, қорытынды балдың негізінде сараланған тізім түрінде ресімделеді.

Объектілер қорытынды балдың үлкен мәнінен кіші мәніне кему тәртібімен объектілерді орналастыра отырып, қорытынды балдың негізінде сараланған тізім түрінде ресімделеді.

Бірдей қорытынды балл жинаған объектілер кеңес таңдаған қаржыландыру көлемінің өсуі бойынша сараланады.

Гранттық қаржыландыру бойынша қорытынды балы 30-дан (отыз) кем объектілер сараланған тізімге енгізілмейді, ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы кеңесті қоспағанда, кеңес жобаны қабылдамау туралы шешім қабылдайды.

Гранттық қаржыландыруға мақұлданған жиынтық қаржыландыру көлемі тиісті жылдарға ЖҒТК шешімімен көзделген осы бағытқа арналған қаржыландырудың жалпы көлемінен аспайтын балдары ең жоғары объектілер болып саналады. Қаржыландыру мақұлданған объектілердің соңғысы шекті – қорытынды балдың мәнін құрайды. Шектен төмен балл жинаған объектілер қабылданбайды.

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша сараланған тізімдер ғылыми-зерттеу жұмысына арналған әрбір техникалық тапсырма бойынша жеке

қалыптастырылады. Сараланған тізімде ең жоғары қорытынды балл жинаған объект қаржыландыруы мақұлданған болып саналады. Қалған объектілер қабылданбайды.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізуге арналған конкурстық рәсімдерден тыс қаржыландыру ұсынылатын объектілер бойынша сараланған тізім жасалмайды. Мұндай объектілерді мақұлдау немесе қабылдамау туралы шешімдер кеңес отырысына қатысып отырған кеңес мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың іргелі ғылыми зерттеулерін қаржыландыруға арналған өтінімдерді іріктеу жөніндегі кеңестің шешімі МҒТС нәтижелері ескеріле отырып, ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Бір басымдық шеңберінде екі және одан да көп кеңестер құрылған кезде тиісті жылдарға арналған ЖҒТК шешімімен көзделген осы басым бағытқа қаржыландырудың жалпы көлемі ғылымның әрбір бағытының қарауына келіп түскен өтінімдер санына барабар бөлінеді.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 19.04.2024 № 180 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрықтарымен.

41. Кеңестердің әрбір объектіні қаржыландыру көлемі туралы шешімдері осы Ережеге 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша объектінің атауы, қаржыландырудың жалпы көлемі мен жылдар бойынша қаржыландыру сомалары, өтінім берушінің өтінімде сұратып отырған сомасымен салыстырғанда қаржыландыру көлемдерін азайтудың негіздемесі көрсетіле отырып (егер қаржыландыру көлемдері азайса), хаттамаға қосымшамен ресімделеді.

42. Кеңестердің осы Ереженің 38-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген объектілер бойынша шешімдерін кеңестердің мүшелері ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын сараптаудың жиынтық қорытындысы негізінде осы Ережеге 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз жеткізгіштегі бағалау парағына және (немесе) сараптама орталығының ақпараттық жүйесі арқылы әр өтінім үшін әрбір бағалау өлшемшарты бойынша балл қою арқылы жеке қабылдайды.

Кеңес мүшелері қойған балдардың негізінде әрбір өлшемшарт бойынша орташа балл және әрбір өтінім бойынша жалпы балл кеңестің қорытынды пікірін және сараптаманың жиынтық қорытындысының қорытынды балын көрсететін әрбір өлшемшарт бойынша орташа балдар қосындысының нәтижесі ретінде айқындалады. Әр өтінім бойынша кеңестің қорытындысы осы Ережеге 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Коммерцияландыру жобаларын қаржыландыру көлемі азайған кезде кеңес жиынтық қорытындыны басшылыққа алады және қаржыландыру сомасы өтінім беруші өтінімде сұратқан сомадан 25 %-дан (жиырма бес пайыздан) артық азайтылған жағдайда жоба қабылданбауға тиіс және сараланған тізімге енгізілмейді.

Әрбір коммерцияландыру жобасы бойынша шешімді кеңестер жоба бойынша сараптаманың (технологиялық және экономикалық (маркетингтік)) жиынтық қорытындысының балдарын және кеңестің орташа балын қосу арқылы алынған сараланған жиынтық балдың және кеңестің толық көлемде қаржыландыру немесе қаржыландыруды қысқарту жөніндегі ұсынымы негізінде қабылдайды.

43. Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде аралық және қорытынды есептерді қабылдау туралы кеңестің шешімдері МФТС қорытындысы және мониторинг актілері (бар болса) есепке алына отырып, кеңес отырысына қатысатын кеңес мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. МФТС 10 (оннан) аз балл жинаған есептерді кеңес қабылдамайды.

Гранттық қаржыландыру шеңберінде (жоба аяқталғаннан кейін) жобаларды қаржыландыруды тоқтату (қаржы жылы аяқталғаннан кейін) және қорытынды есептерді қабылдау туралы кеңестің шешімдері:

1) іске асырылуы келесі күнтізбелік жылға ауысатын жобалар үшін күнтізбелік жоспарға және мониторинг актісіне (бар болса) сәйкес жобаны іске асыру туралы қысқаша мәліметтер;

2) қорытынды есептер үшін МФТС қорытындысы және мониторинг актілері (бар болса) есепке алына отырып, кеңес отырысына қатысатын кеңес мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Ескерту. 43-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

44. Іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың аралық және қорытынды есептерін қарау нәтижелері бойынша кеңестің шешімдері МФТС қорытындысы мен мониторинг актілері (бар болса) ескеріле отырып, кеңес отырысына қатысып отырған кеңес мүшелерінің қарапайым көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

44-1. Кеңестер аралық және қорытынды есептер бойынша, сондай-ақ күнтізбелік жоспарға сәйкес жобаны іске асыру туралы қысқаша мәліметтер бойынша түпкілікті шешімді апелляциялық комиссияның жұмысы аяқталғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Ескерту. Ереже 44-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

45. Конкурстық іріктеу мәселелерімен байланысты емес мәселелер бойынша кеңестің шешімдері кеңес отырысына қатысатын кеңес мүшелерінің қарапайым

көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Кеңестердің көрсетілген шешімдері кеңес төрағасы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

45-1. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға арналған шығыстар бойынша адамдарға салықтық жеңілдіктер мен салықтық шегерімдер беру жөніндегі хабарламаларды беру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 1 қарашадағы № 507 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35329 болып тіркелген) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы есептің негізінде олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруға (сатып алуға) арналған шығыстар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары, пайдалануға беру актісі бар есептің негізінде олардың ғылыми орталықтар құруға арналған шығыстар бойынша ғылыми орталық құруы, ендіру актісі бар ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар нәтижелерін ендіру туралы есептің негізінде олардың ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыруға (сатып алуға) арналған шығыстар бойынша ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстары бойынша адамдарға хабарламаларды беру нысанын, мерзімі мен қағидаларына сәйкес кеңестер шығарады.

Кеңестер ашық дауыс беру арқылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыру (сатып алу) туралы техникалық тапсырма (шарт) және есеп, кәсіпкерлік субъектілерінің қаражаты есебінен ғылыми орталықтар үшін сатып алынған жабдықты пайдалануға беру актісі бар техникалық тапсырма (шарт) және есеп бойынша шешім қабылдайды.

Ескерту. Ереже 45-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

45-2. Кеңестер ғылым саласындағы уәкілетті органға төмендегідей хабарламалар: ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу туралы есеп негізінде олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруға (сатып алуға) арналған шығыстар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша;

пайдалануға беру актісі бар есеп негізінде ғылыми орталықтар құруға жұмсалатын шығыстары бойынша ғылыми орталық құру туралы;

енгізу актісімен ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелерін енгізу туралы есеп негізінде ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүзеге асыруға (сатып алуға) арналған шығыстар бойынша ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар бойынша шешімдер ұсынады.

Ескерту. Ереже 45-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

45-3. Кеңестер уәкілетті органнан өтінім келіп түскен сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынылған өтінімдерді бағалайды және осы Ережеге 13, 14, 15, 16, 17 және 18-қосымшаларға сәйкес хабарламаны ұсыну немесе оны ұсынудан бас тарту туралы нысандар бойынша шешім қабылдайды.

Ескерту. Ереже 45-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

46. Кеңестер қабылдаған хаттамадан үзінділер түріндегі шешімдерді сараптама орталығы ғылым саласындағы уәкілетті органға және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған гранттарды ұсыну бойынша мемлекеттік тапсырманың орындалуына жауапты заңды тұлғаға және де салалық уәкілетті органға шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде береді.

47. Кеңестердің шешімдерін ғылым саласындағы уәкілетті орган және салалық уәкілетті органдар міндетті түрде орындауға тиіс.

48. Кеңестер өздері қабылдаған шешімдердің орындалуына мониторингті жүзеге асырады.

49. Әрбір мақұлданған объектіге бөлінген қаражат көлемі туралы мәліметтер конкурс жариялаған уәкілетті органның немесе салалық уәкілетті органның және сараптама орталығының интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

50. Кеңестер қабылдаған барлық шешімдер шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ғылым саласындағы уәкілетті органның немесе салалық уәкілетті органның, сондай-ақ сараптама орталығының интернет-ресурстарында орналастырылады.

Гранттық қаржыландыру туралы шешімдерді ұлттық ғылыми кеңес шығарады және конкурс жариялаған уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган бекітеді.

6-тарау. Кеңестер мүшелеріне сыйақылар беру

51. Кеңестердің мүшелері болып табылатын қазақстандық және шетелдік ғалымдардың іссапар шығыстарын қоса алғанда, кеңестердің қызметін ұйымдастыруды бюджет қаражаты есебінен сараптама орталығы қамтамасыз етеді.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

Ұлттық ғылыми кеңестер
туралы ережеге
1-қосымша

Нысан

Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бойынша өтінімді бағалау парағы _____
(объектінің жеке
тіркеу нөмірі және атауы)

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

1. Ғылыми жобаның мазмұны

Ең жоғары қорытынды балл – 15 балл.

Р/с №	Бағалау өлшемшарттарының атауы	Балдар*	Кеңес мүшесінің бағалауы, балдар
1.	Зерттеу нәтижелерінің ғылыми ұйымдар мен олардың ұжымдарының, ғалымдардың ғылыми-техникалық (оның ішінде кадрлық) әлеуетіне және бәсекеге қабілеттілігіне әсер ету дәрежесі	5 балға дейін, мұндағы: жоғары – 5 балл; орташадан жоғары – 4 балл; орташа – 3 балл; орташадан төмен – 2 балл; төмен – 1 балл.	
2.	Жобаның әзірлену дәрежесі, яғни мәлімделген параметрлерге сәйкес зерттеулерді сапалы орындау үшін орындаушыларда дайындаманың болуы және жобаны ойдағыдай іске асыру ықтималдығы (ғылыми жетекшінің басқа жобаларда қамтылуын және басшы ретінде бұрын қаржыландырылған гранттық қаржыландыру жобаларын іске асыру тәжірибесін ескере отырып, егер мұндайлар болса)	5 балға дейін, мұндағы: жоғары – 5 балл; орташадан жоғары – 4 балл; орташа – 3 балл; орташадан төмен – 2 балл; төмен – 1 балл.	
3.	Зерттеулер нәтижелерінің практикалық маңыздылығы, яғни олардың Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық дамуының өзекті міндеттерін шешу үшін коммерцияландыруға немесе өзге де сапада қолдануға әзірлік дәрежесі (бұрын ғылыми басшы басқарған	5 балға дейін, мұндағы: жоғары – 5 балл; орташадан жоғары – 4 балл; орташа – 3 балл; орташадан төмен – 2 балл; төмен – 1 балл.	

	гранттық қаржыландыру жобаларының әсерін ескере отырып, егер мұндайлар болса)		
Жалпы балл (бағалау өлшемшарттары бойынша балдар қосындысы)			

Ұлттық ғылыми кеңес мүшесі _____
(Ұлттық ғылыми кеңес атауы)

(Ұлттық ғылыми кеңес мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

2. Ғылыми жобаны қаржыландыру көлемі (іске асыру мерзімі 12 айдан асатын жобалар үшін ғана толтырылады)

P/c №	Көрсеткіш	Жобаны қаржыландыру көлемі, мың теңге				
		Өтінім беруші сұратып отырған сома	Ұлттық ғылыми кеңес мүшесінің ұстанымы (Бағалардың негізділігін бағалауды ескере отырып, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың (бұдан әрі – МФТС) сарапшыларының пікірлері нұсқаларының бірін көрсету)			Бағалардың негізділігін бағалауды ескере отырып, МФТС сарапшыларының пікірлері
			1-сарапшы	2-сарапшы	3-сарапшы	
1.	Барлығы (жобаны іске асырудың барлық кезеңіне)					
1.1.	20__ жыл (1-жыл)					
1.2.	20__ жыл (2-жыл)					
1.3.	20__ жыл (3-жыл)					

Ұлттық ғылыми кеңес мүшесі _____
(Ұлттық ғылыми кеңес атауы)

(Ұлттық ғылыми кеңес мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Ескерту:

* – Балдарды мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қағидаларына сәйкес сараптама орталығы ұсынған өтінім, МФТС қорытындысы және өзге де материалдар негізінде кеңес мүшелері өздерінің кәсіби пайымдауларына сүйене отырып, жеке айқындайды.

Ұлттық ғылыми кеңестер
туралы ережеге
2-қосымша

Нысан

Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша өтінімді бағалау парағы _____
(объектінің жеке тіркеу нөмірі _____ және атауы)

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

1. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның мазмұны

Ең жоғары қорытынды балл – 15 балл.

Р/с №	Бағалау өлшемшарттарының атауы	Балдар*	Кеңес мүшесінің бағалауы, балл
1.	Өтінім беруші ұсынған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының (қисындылығын, негізділігін, жүйелілігін, болжамдылығын ескере отырып) және сұратылып отырған қаржыландыру көлемінің (экономикалық прагматизмді ескере отырып) ғылыми-зерттеу жұмысына арналған техникалық тапсырмада көрсетілген қойылған міндеттердің күрделілік деңгейіне және күтілетін тікелей нәтижелерге сәйкестігі	5 балға дейін, мұндағы: жоғары – 5 балл; орташадан жоғары – 4 балл; орташа – 3 балл; орташадан төмен – 2 балл; төмен – 1 балл.	
2.	Бағдарламаның әзірлену дәрежесі, яғни бағдарламаны іске асыру жоспарына сәйкес зерттеулерді сапалы орындау үшін орындаушыларда ғылыми дайындама мен материалдық базаның болуы (тиісті білікті мамандардың болуын ескере отырып)	5 балға дейін, мұндағы: жоғары – 5 балл; орташадан жоғары – 4 балл; орташа – 3 балл; орташадан төмен – 2 балл; төмен – 1 балл.	
3.	Ғылыми жетекшінің ғылыми зерттеулер нәтижелеріне қол жеткізу процесін ұйымдастырудағы ғылыми деңгейі мен тәжірибесі (ғылыми жетекшінің басшылығымен аяқталған	5 балға дейін, мұндағы: жоғары – 5 балл; орташадан жоғары – 4 балл;	

	жобалар мен бағдарламаларды іске асырудың сапасы мен нәтижелілігін, сондай-ақ басқа да объективті көрсеткіштерді ескере отырып)	орташа – 3 балл; орташадан төмен – 2 балл; ; төмен – 1 балл.	
Жалпы балл (бағалау өлшемшарттары бойынша балдар қосындысы)			

Ұлттық ғылыми кеңес мүшесі _____
(Ұлттық ғылыми кеңес атауы)

(Ұлттық ғылыми кеңес мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

2. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны қаржыландыру көлемі

P/c №	Көрсеткіш	Бағдарламаны қаржыландыру көлемі, мың теңге			Ұлттық ғылыми кеңес мүшесінің пікірі (МҒТС сарапшыларының нұсқаларының бірін көрсету)
		Өтінім беруші сұратып отырған сома	Бағалардың негізділігін бағалауды ескере отырып, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың (бұдан әрі – МҒТС) сарапшыларының пікірлері	1-сарапшы	
1.	Барлығы (жобаны іске асырудың барлық кезеңіне)				
1.1.	20__ жыл (1-жыл)				
1.2.	20__ жыл (2-жыл)				
1.3.	20__ жыл (3-жыл)				

Ұлттық ғылыми кеңес мүшесі _____
(Ұлттық ғылыми кеңес атауы)

(Ұлттық ғылыми кеңес мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Ескерту:

* – Балдарды Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қағидаларына сәйкес сараптама орталығы ұсынған өтінім, МҒТС қорытындысы және өзге де материалдар негізінде кеңес мүшелері өздерінің кәсіби пайымдауларына сүйене отырып, жеке айқындайды.

Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуді конкурстық рәсімдерден тыс бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жөніндегі өтінімнің бағалау парағы _____ (объектінің жеке тіркеу нөмірі және атауы)

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

1. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның мазмұны

Ең жоғары қорытынды балл – 15 балл.

P/c №	Бағалау өлшемшарттарының атауы	Балдар*	Кеңес мүшесінің бағалауы, балл
1	2	3	4
1.	Өтінім беруші ұсынған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының қисындылықты, негізділікті, жүйелілікті, болжамдылықты ескере отырып) және сұратылып отырған қаржыландыру көлемінің (экономикалық прагматизмді ескере отырып) өтінімде көрсетілген қойылған міндеттер мен күтілетін нәтижелердің күрделілік деңгейіне сәйкестігі	(5 балға дейін, мұндағы: жоғары – 5 балл; орташадан жоғары – 4 балл; орташа – 3 балл; орташадан төмен – 2 балл ; төмен – 1 балл.	
2.	Бағдарламаның әзірлену дәрежесі, яғни бағдарламаны іске асыру жоспарына сәйкес зерттеулерді сапалы орындау үшін орындаушыларда ғылыми дайындама мен материалдық базаның болуы (тиісті білікті мамандардың болуын ескере отырып)	5 балға дейін, мұндағы: жоғары – 5 балл; орташадан жоғары – 4 балл; орташа – 3 балл; орташадан төмен – 2 балл ; төмен – 1 балл.	
	Ғылыми жетекшінің ғылыми зерттеулер нәтижелеріне қол жеткізу процесін	5 балға дейін,	

3.	ұйымдастырудағы ғылыми деңгейі мен тәжірибесі (ғылыми жетекшінің басшылығымен аяқталған жобалар мен бағдарламаларды іске асырудың сапасы мен нәтижелілігін, сондай-ақ басқа да объективті көрсеткіштерді ескере отырып)	мұндағы: жоғары – 5 балл; орташадан жоғары – 4 балл; орташа – 3 балл; орташадан төмен – 2 балл; ; төмен – 1 балл.	
Жалпы балл (бағалау өлшемшарттары бойынша балдар жиынтығы)			

Ұлттық ғылыми кеңестің мүшесі _____

(Ұлттық ғылыми кеңес атауы)

(Ұлттық ғылыми кеңес мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

2. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны қаржыландыру көлемі

P/c №	Көрсеткіші	Бағдарламаны қаржыландыру көлемі, мың теңге				
		Өтінім беруші сұратып отырған сома	Бағалардың негізділігін бағалауды ескере отырып, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың (бұдан әрі – МҒТС) сарапшыларының пікірлері			Ұлттық ғылыми кеңес мүшесінің пікірі (МҒТС сарапшылары нұсқаларының бірін көрсету)
			1-сарапшы	2-сарапшы	3-сарапшы	
1.	Барлығы (бағдарламаны іске асырудың барлық кезеңіне)					
1.1.	20 ___ жыл (1-ші жыл)					
1.2.	20 ___ жыл (2-ші жыл)					
1.3.	20 ___ жыл (3-ші жыл)					

Ұлттық ғылыми кеңестің мүшесі _____

(Ұлттық ғылыми кеңес атауы)

(Ұлттық ғылыми кеңес мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Ескерту:

* – Балдарды Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қағидаларына сәйкес сараптама орталығы ұсынған өтінім, МҒТС қорытындысы және басқа да материалдар

негізінде сарапшылар өздерінің кәсіби пайымдауына сүйене отырып, жеке айқындайды

Ұлттық ғылыми кеңестер
туралы ережеге
4-қосымша
Нысан

Іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың іргелі ғылыми зерттеулерін қаржыландыруға арналған өтінімдердің бағалау парағы _____

(объектінің жеке тіркеу

нөмірі және атауы)

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 30.12.2024 № 607 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

1. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаның мазмұны

Ең жоғары қорытынды балл – 15 балл.

Р/с №	Бағалау өлшемшарттарының атауы	Балдар*	Кеңес мүшесінің бағалауы, балл
1	2	3	4
1.	Өтінім беруші ұсынған бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының қисындылықты, негізділікті, жүйелілікті, болжамдылықты ескере отырып) және сұратылып отырған қаржыландыру көлемінің (экономикалық прагматизмді ескере отырып) өтінімде көрсетілген қойылған міндеттер мен күтілетін нәтижелердің күрделілік деңгейіне сәйкестігі	(5 балға дейін, мұндағы: жоғары – 5 балл; орташадан жоғары – 4 балл; орташа – 3 балл; орташадан төмен – 2 балл ; төмен – 1 балл.	
2.	Бағдарламаның әзірлену дәрежесі, яғни бағдарламаны іске асыру жоспарына сәйкес зерттеулерді сапалы орындау үшін орындаушыларда ғылыми дайындама мен материалдық базаның болуы (тиісті білікті мамандардың болуын ескере отырып)	5 балға дейін, мұндағы: жоғары – 5 балл; орташадан жоғары – 4 балл; орташа – 3 балл; орташадан төмен – 2 балл ; төмен – 1 балл.	

3.	Ғылыми жетекшінің ғылыми зерттеулер нәтижелеріне қол жеткізу процесін ұйымдастырудағы ғылыми деңгейі мен тәжірибесі (ғылыми жетекшінің басшылығымен аяқталған жобалар мен бағдарламаларды іске асырудың сапасы мен нәтижелілігін, сондай-ақ басқа да объективті көрсеткіштерді ескере отырып)	5 балға дейін, мұндағы: жоғары – 5 балл; орташадан жоғары – 4 балл; орташа – 3 балл; орташадан төмен – 2 балл; төмен – 1 балл.	
Жалпы балл (бағалау өлшемшарттары бойынша балдар жиынтығы)			

Ұлттық ғылыми кеңестің мүшесі _____

(Ұлттық ғылыми кеңес атауы)

(Ұлттық ғылыми кеңес мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

2. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны қаржыландыру көлемі

P/c №	Көрсеткіші	Бағдарламаны қаржыландыру көлемі, мың теңге					Ұлттық ғылыми кеңес мүшесінің пікірі (МҒТС сарапшыларының нұсқаларының бірін көрсету)
		Өтінім беруші сұратып отырған сома	Бағалардың негізділігін бағалауды ескере отырып, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманың (бұдан әрі – МҒТС) сарапшыларының пікірлері			Ұлттық ғылыми кеңес мүшесінің пікірі (МҒТС сарапшыларының нұсқаларының бірін көрсету)	
			1-сарапшы	2-сарапшы	3-сарапшы		
1.	Барлығы (бағдарламаны іске асырудың барлық кезеңіне)						
1.1.	20 ___ жыл (1-ші жыл)						
1.2.	20 ___ жыл (2-ші жыл)						
1.3.	20 ___ жыл (3-ші жыл)						
1.4.	20 ___ жыл (4-ші жыл)						
1.5.	20 ___ жыл (5-ші жыл)					Жүктеу	

Ұлттық ғылыми кеңестің мүшесі _____

(Ұлттық ғылыми кеңес атауы)

(Ұлттық ғылыми кеңес мүшесінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Ескерту:

* – Балдарды Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қағидаларына сәйкес сараптама орталығы ұсынған өтінім, МҒТС қорытындысы және басқа да материалдар негізінде сарапшылар өздерінің кәсіби пайымдауына сүйене отырып, жеке айқындайды

Ұлттық ғылыми кеңестер
туралы ережеге
5-қосымша

Нысан

" _____ " ұлттық ғылыми кеңесі (Ұлттық ғылыми кеңестің атауы) Гранттық қаржыландыру бойынша өтінімге _____ жылғы " _____ " № _____ қорытынды _____ (объектінің жеке тіркеу нөмірі және атауы)

1. Ғылыми жобаның мазмұны

Ең жоғары қорытынды балл – 15 балл (қолданбалы ғылыми зерттеулер үшін – 19 балл).

Р/с №	Бағалау өлшемшарттарының атауы	Орташа балл*
1.	Зерттеу нәтижелерінің ғылыми ұйымдар мен олардың ұжымдарының, ғалымдардың ғылыми-техникалық (оның ішінде кадрлық) әлеуетіне және бәсекеге қабілеттілігіне әсер ету дәрежесі	
2.	Жобаның әзірлену дәрежесі, яғни мәлімделген параметрлерге сәйкес зерттеулерді сапалы орындау үшін орындаушыларда дайындаманың болуы және жобаны ойдағыдай іске асыру ықтималдығы (ғылыми жетекшінің басқа жобаларда қамтылуын және басшы ретінде бұрын қаржыландырылған гранттық қаржыландыру жобаларын іске асыру тәжірибесін ескере отырып, егер мұндайлар болса)	
	Зерттеулер нәтижелерінің практикалық маңыздылығы, яғни олардың Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық және	

3.	ғылыми-техникалық дамуының өзекті міндеттерін шешу үшін коммерцияландыруға немесе өзге де сапада қолдануға әзірлік дәрежесі (бұрын ғылыми басшы басқарған гранттық қаржыландыру жобаларының әсерін ескере отырып, егер мұндайлар болса)	
Ұлттық ғылыми кеңес мүшелері бағалауының нәтижелері бойынша ортақ балл		

Қосымша өлшемшарт:

1	Жеке сектор тарапынан немесе жобаның ғылыми нәтижелерін басқа да тұтынушылар тарапынан қоса қаржыландырудың болуы (тек қолданбалы ғылыми зерттеулер үшін)	Жобаның жалпы құнының әрбір 5 % қоса қаржыландыру үшін 1 балл, бірақ жиынтығында 4 балдан аспайтын есеппен	
Қорытынды балл			

2. Ғылыми жобаны қаржыландыру көлемі

P/c №	Көрсеткіш	Жобаны қаржыландыру көлемі, мың теңге		
		Өтінім беруші сұратып отырған сома	Ұлттық ғылыми кеңес шешімі	Негіздеме
1.	Барлығы (20__ - 20__ жж.)			
1.1.	20__ жыл (1-жыл)			
1.2.	20__ жыл (2-жыл)			
1.3.	20__ жыл (3-жыл)			

Ұлттық ғылыми кеңес төрағасы _____

(Ұлттық ғылыми кеңес атауы)

(Төрағаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

"Қосымшаның дұрыстығын және шешім қабылдауда белгіленген рәсімдердің сақталғанын растаймын".

Ұлттық ғылыми кеңес хатшысы _____

(Ұлттық ғылыми кеңес атауы)

**

(Төрағаның) (хатшының) тегі,

аты, әкесінің аты (бар болса)

Ескерту:

